

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО 	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сауран ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Управление санитарно-эпидемиологического контроля район Сауран Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
 № X.16.X.KZ87VWF00138369
 Дата: 07.02.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Түркістан облысының білім басқармасының Сауран ауданының білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шідедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 30.01.2024 16:46:08 № KZ16RYS00541052**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **Түркістан облысының білім басқармасының Сауран ауданының білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Ескі Сауран ауылы, І.Асубаев көшесі, №12А. Директоры: Дүйсенбеков Кайрат Сапаралиевич; БСН:000240004950 ; Тел нөмірі: 8705 546 5069**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тнесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Білім беру, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Ескі Сауран ауылы, І.Асубаев көшесі, №12А.

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)
Негізгі және жалпы орта білім беру

4. Жобалар, материал дарэзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) _

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **өтініш, зертханалық зерттеу хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) _

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если



имеются) -

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Түркістан облысының білім басқармасының Сауран ауданының білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы 25 ақпан 2000 жылы алған. БСН 000240004950. Мекен жайы: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Ескі Сауран ауылы, І. Асубаев көшесі, 12А-ғимарат. Директоры: Дуйсенбеков Кайрат Сапаралиевич. Байланыс телефоны 8705 546 50 69. "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2013 жылы типтік түрде, жобалық қуаты 150 балаға арналып салынған. Мектептің жалпы алаңы 1 гектар. Құрылыс ауданы - 2350 шаршы метр. Мектеп екі қабатты ғимараттан тұрады. Ғимараттың фундаменті бетон, қабырғалары және қалқалары, дәліз бөлімдері кірпіштен, төбе жабындысы - черепица. Аумағы барлық периметрі бойынша 1,5м биіктікте темір торлармен қоршалған, қоршауы зақымдалмаған. Мектептің жер учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдар қатты жабындылармен жабылған, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталынған, жиналған суды ағызып жіберетін бетонды арық, суағар қарастырылған. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған үш жағынан 1,5м биіктікте бетон қабырғамен қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаң қарастырылған. Қоқыс алаңына тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған екі қоқыс контейнері орнатылған толуына қарай шығарылады. Мектептің аумағында мектеп қызметімен байланысы жоқ объектілер орналаспаған. Мектептің ауыз суы елді мекеннің орталықтандырылған су жүйесіне қосылып ғимарат ішіне кіргізілген. Мектептің ауыз суы нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Суға арналған кулер (диспенсер) орнатылған, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылуы көзделінген. Су ішуге таза ыдыс бір рет қолданылатын стақандармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген. Балалардың мектепте болатын барлық уақыттары ішінде ауыз суға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етілген. Ыстық су үшін "Аристон" су қыздырғышы орнатылған, ыстық су тұрақты үздіксіз беріледі. Шеберханалар, медициналық кабинет үй-жайлары, ас блогының өндірістік үй-жайлары, ыстық және суық су өткізілген раковиналармен, қол жууға және кептіруге арналған құралдармен жабдықталынған. Ауыз су және ыстық су ақаусыз. Сарқынды суларды, оның ішінде санитариялық-ауалық құрылғының сарқынды суын қабылдауды объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен (сифондар) жарақталған бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарда (шұңқырға, септикке) жүзеге асырады. Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ сусіңіргіш құдықтар құрылғысына ағызуды жол берілмеген.

Мектеп ғимараты жылу жүйесімен орталықтандырылмаған, жеке автономды жылыту қазандығы арқылы жылытылады. 2 дана Алатау 220 маркалы жылыту пеші бар, жылу қуаты әр қайсысы 380квт. Жылу жылыту радиаторлары арқылы беріледі. Жылыту жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлықты, ақаусыз. Мектеп ғимаратының үй-жайлары табиғи және жасанды жарықтандырылған, жарықтандырылуы мемлекеттік нормативтерге сәйкестендірілген. Жасанды жарықтандыру үшін энергия үнемдеуші шамдарды пайдаланған. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделінген. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіліп, орнатылған. Негізгі жарық ағынының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмеген. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыруы бар. Барлық оқу үй-жайларының жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын жалюздермен жабдықтаған. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмеген. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Жасанды жарықтандыруға үй-жайда бір үлгідегі шамдарды қолданған, шамдар беті плафондармен қапталған. Жарық деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, жарық жүйелері ақаусыз.

Мектеп ғимаратының үй-жайлары желдету және ауа баптау жүйелері ақаусыз, жарамды күйде. Табиғи желдету есік, терезе арқылы. Ауа өткізгіштер, торлар, желдеткіш камералары таза, механикалық зақымдалмаған, тотығу іздері, герметикалық бұзылуы жоқ. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары орнатылған. Мектептің станоктармен жұмыс жүргізілетін шеберханасында сору-сыртқа тарту желдеткішімен және жергілікті шаң ұстағыштармен жабдықталынған. Желдету жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары ақаусыз.

Мектеп ғимаратының бірінші қабатында 5 сынып бөлмесі, ұлдарға арналған 2 технология сыныбы (ағаш және темір шеберханасы) және қыздарға арналған технология сыныбы, санитариялық торап, гардероб



және медициналық бөлме, акт зал, спорт зал, асхана орналасқан. Әр сынып бөлмелерінің ауданы 37 ш.м. Ұлдарға және қыздарға арналған технология сыныптарының ауданы - 37 шаршы метр. Акт зал ауданы- 111 шаршы метр.

Мекеп ғимаратының екінші қабатында директордың бөлмесі, кітапхана, мұғалімдер бөлмесі және 9 оқу сыныптары және информатика, химия, физика сыныптарына арналған лабораториялық бөлмелер бар. Тарих, физика, лингафон, орыс тілі, химия, қазақ тілі, алғашқы әскери дайындық, математика сыныптарының ауданы - 37 шаршы метр. Информатика сыныбы 53,8 шаршы метр. Кітапхананың жалпы ауданы-63,6 шаршы метр, директор бөлмесі - 37 шаршы метр және мұғалімдер бөлмесі - 19 шаршы метр. Мектеп типтік түрде салынып 150 орынға арналған, бір ауысымда оқиды. Оқу сыныптарының ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метрден келеді. . Физика, химия сыныптары екінші қабаттағы оқу кабинеттерінің қатарында орналасқан. Физика, химия, кабинеттерінің қосымша зертхана және зертханашы кабинеттері бар. Физикалық және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін физика мен химия кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу, химия кабинетінде (орталықтандырылған сумен жабдықтау) су және кәріз жүргізу көзделінген. Химия кабинетімен зертханасында еденге химиялық реагенттерге төзімді материалдан (қатты резина) жасалынған. Химия кабинетінде сыртқа тарту шкафы жабдықталған. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер таңбаланған, жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталынған. Сыныптарға арналған кабинеттер шкафтар блоктарымен, тақтамен, бейне тақталар, бейнепроекторлар, теледидар жабдықтарын қосуға арналған электр розеткаларымен, мұғалімдер үстелімен, суық сумен жабдықталған раковинамен, оқушылар үстелдерімен жабдықталған. Сынып бөлмелерін жиһаздар мен жабдықтары білім алушыларға сәйкестендірілген. Оқу бөлмелерінің едендеріне ылғалды тәсілмен өндеуге және дезинфекциялауға жол берілетіндей линолеумдер төселінген, коридорлар едені кафель, сынып бөлмелерінің қабырғалары әр пәнге сәйкестендіріліп әрленген, сырланған, дәліздерде қабырғалар 1,6 метр майлы бояумен сырланған. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, күңгірт, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Компьютерлерді жұмыс үстелдері бөлінбей екі қатармен, бейнемониторлардың экрандары қарама-қарсы жаққа қаратылып, ортада орнатылған. Компьютерлердің электр магниттік өрісінің деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, ақаусыз. Гардероб киім ілгіштерімен және аяқ киім сақтайтын бөліктермен жабдықталған. Ауаның температурасын бақылау үшін оқу үй-жайларында термометрлер орнатылған. Мектептің оқу кабинеттері мен зертханалар жұмыс үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған.

Спорт зал ғимараттың бірінші қабатында орналасқан-204 шаршы метр, қыздар киім шешетін бөлме ауданы-12,3 шаршы метр, ұлдар киім шешетін бөлме ауданы-12,3 шаршы метр. Мектеп ғимаратында спорт залдың едені жұмсақ төсенішпен қапталынған, беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Спорт залдағы жылыту радиаторларының беттері торлармен жабылған. Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары арқылы орнатылған. Спорт залдарының жанындағы киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен, ілгіштермен және орындықтармен жабдықталған. Спорттық төсеніштер мен снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өндеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей бүтін. Спорт залдың жанындағы ұлдарға, қыздарға, қызметкерлерге арналған жуынатын орындарда 1 қол жуғыш, 1 унитаз, 1 себезгі қойылған, жан-жағы 1,8м қабырғасына кафель жапсырылған, жоғары бөлігі сырланған, едені кафельденген. Спорт залда екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандырылған. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдық білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына және жасына сәйкес келеді. Спорт, ойын жабдықтары жарамды күйде. Мектеп ауласындағы жүгіру жолдарының бетінің қатты жабыны бар атмосфералық жауын-шашынға төзімді жоғарғы қабаты бар. Секіруге арналған шұңқырлар үгінділер мен таза құммен толтырылған. Шұңқырдың ағаш ернеуі жердің бетімен бір деңгейде тегіс.

Еңбекке баулу шеберханаларының едені механикалық әсерге төзімді материалдан (қатты резина) жасалынған. Ұлдарға және қыздарға арналған шеберханалар технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Ағаш және темір өңдеу шеберханаларда станоктарда және тетіктерде жұмыс істеу жылу мен шаңның көп мөлшерінің бөлінуімен байланысты болатын орында электрлі сору-сыртқа тарту желдеткішімен және сыртқа тарту құралдарымен жабдықталған, шеберханаларда екі қол жуғыш қойылған. Шеберханаларда екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандырылған. Қыздар шеберханасында 6-тігін машинасы орнатылған. Мектептегі шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 шаршы метр нормасы белгіленген. Шеберхана шуы аз жабдықпен жарақталған, шу мен діріл деңгейі нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес. Мектеп ғимаратының бірінші және екінші қабаттарының ішінен жылы санитариялық тораптар құрылғылары орнатылған орындармен жабдықталынған, бірінші және екінші қабаттағы ұлдарға арналған жылы санитариялық тораптарда барлығы 4-унитаз, 4-қол жуғыш, 5-писсуар құрылғысы қойылған. Қыздарға арналған бірінші және екінші қабаттағы жылы санитариялық тораптарда барлығы 4-унитаз, 4-қол жуғыш, жеке гигиенасын сақтау үшін иілгіш шлангі және тұғырық құрылғылары қойылған.



Санитариялық тораптарда унитаздар жабық кабиналарда орналастырылған. Қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, қағаз сүрткіштер, антисептиктер, санитайзерлер, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар қойылған. Ылғалды режиммен жұмыс жасайтын ішкі жылы санитариялық тораптардың қабырғаларына 1,8м биіктікте кафель жапсырылған, едені кафельденген, тегіс, саңылаусыз ақауы жоқ. Жинау мүкәммалдары (шелектер, шеткалар, шүберектер) таңбаланған және оларды жекеленген үй-жайларға бекітіліп, арнайы орын бөлінген.

Мектеп асханасы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Мектеп асханасын кәсіпкер Ахметова Жазира Жұматайқызы жалға алып жұмыс жасайды. Мектеп асханасына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетінділігі жөнінде 06.12.2023ж. №Х.16.КЗ94VWF00121850 санды санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алынған.

Медициналық қызмет көрсету бөлмесі мектептің бірінші қабатында орналасқан, бөлмеге әрлеу жұмыстары жүргізілген. Жалпы ауданы-32,15 шаршы метр, оның ішінде қабылдау бөлмесі(4,95 ш.м.), оқшаулау бөлмесі(14 ш.м.), дәрігер бөлмесі(13,2 ш.м.). Бөлмелердің қабырғасы 1,8м биіктікте сырланған, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған, төбесі сырланған, еденіне линолеум төселінген. Терезесі пластиктен қойылған, есігі ағаштан ылғалға, жууға және дезинфекциялауға төзімді етіп сырланып, жасалынған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін салқын және ыстық су араластырғышы орнатылған, 1-қолжуғыш қойылған. Қолды өңдеуге арналған антисептиктермен, санитайзермен, шынтак дозаторы бар сұйық сабынмен, бір рет қолданылатын сүлгілермен және қол жуу техникасы бойынша қабырғалық көрнекілік құралмен қамтамасыз етілген. Медициналық қызмет көрсету бөлмесі керек жабдықтармен толық қамтамасыз етілген: тоңазытқыш, дәрі-дәрмек қоятын шкаф, жұмыс столы, орындықтар, кушетка, керме (ширма), бой өлшегіш, медициналық таразы, әйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел, медициналық шкаф, бактерицидті шам, фонендоскоп, үстелге қоятын шам, қайшы, бір рет қолданылатын бет перделер, жинау мүкәммалдары (шүберек, шелек, швабра, шүберек сақтайтын ыдыс, резеңке қолғаптар), термометрлер, көздің көргіштігіне арналған кесте, сантиметрлік лента, кілемше, педальды қақпағы бар шелек. Медициналық қызмет көрсету бөлмесіндегі жиһаздары, жинау мүкәммалдары жуу құралдарына және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдардан жасалынған. Ауаның температурасын бақылау үшін медициналық қызмет көрсету бөлмесінде термометр орнатылған. Оқшаулау бөлмесі көрші орналастырылған, олардың арасы 1,2 м биіктікте мата қалқа құрылғысымен бөлінген. Қабырғалары, төбесі толығымен сырланған, едендері тегіс, линолеум төселген, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған. Оқшаулау 1 орынға арналған, кереуетпен, төсек орынмен және тумбамен қамтамасыз етілген. Медициналық бөлме персоналдарға арналған арнайы киім ауыстыратын орын шкафтармен жабдықталған, санитариялық торап қарастырылған, 1-қол жуғыш, 1- унитаз қойылған. Медициналық қалдықтарды сақтауға сөрелер қарастырылған. Медициналық қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын, су өткізбейтін қаптар, пакеттер және пластик сыйымдылықтар, жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлер пайдаланылады.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;): -

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы №534 13.11.2023ж. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған судың зертханалық зерттеу хаттамасы 13.11.23ж. №2023/585/576. Шудың зертханалық зерттеу хаттамасы 08.11.23ж. №2023/585/191. Метеорологиялық факторларды өлшеу 08.11.23ж. №2023/585/326. Электромагниттік өрістің кернеулілігі 08.11.23ж. №2023/585/240. Жарықты өлшеу хаттамасы 08.11.23ж. 2023/585/294



11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Түркістан облысының білім басқармасының Сауран ауданының білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шіздегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР ДСМ 20.02.2023ж. № 26 бұйрығымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай **сай (соответствует)**

Ұсыныстар (Предложения):

=
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық –эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сауран ауданының санитариялық –эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі
Түркістан Қ.Ә., Түркістан қ., 1 Шағын ауданы, № 50А үй
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)



Республиканское государственное учреждение "Управление санитарно-эпидемиологического контроля
район Сауран Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета
санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"
Туркестан Г.А., г.Туркестан, Микрорайон 1, дом № 50А
(Главный государственный санитарный врач (заместитель))
Мирзагельдиев Нурдулла Абдуллаевич
тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

